

2023 - 2024 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының кітапханасының жоспарланған шаралары бойынша жүргізілген жұмыстарының қортынды есебі

Оқу жылының басында даярлық топтарына, 5-2 кластарға жаңа оқулықтар және көркем әдебиеттер келді.

Қыркүйек айында 1 қыркүйек Білім күніне орай «Білімді ұрпақ-ел болашағы» атты кітап көрмесі, 6 класпен өтті. Класс жетекшісі Рахметова Н.К.

«Ана тілім-қазынам» кітап көрмесі өткізілді. 11 қыркүйек Отбасы күніне орай «Отбасым-алтын бесігім» тақырыптық папка жасалды.

Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңі өтті. Мектебіміздің оқушылары жүлделі 1,2,3 -орынға ие болды.



«Ана тілім-қазынам» кітаптар көрмесі өтті. Қазақстан Республикасының Еңбек күніне орай 8 класс оқушыларымен кездесу өткізілді.



Оралхан Бөкейдің 80 жыл толуына арналған кітап көрмесі өтті. Аудандық кітапханада Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай «Атаның сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында көнерген сөздерді насихаттау мақсатында танымдылық сайыс 8 кластар арасында өтті. Класс жетекшісі Г.Сураганова



Қазан айында «Қарттарым асыл қазынам» кітаптар көрмесі, 8 кластың класс жетекшісі Ахметова Г.К.«Күз – береке, күз – мереке» суреттер көрмесі және «Мен оқуға құштармын» атты бейнеролик көрсетілді. «Бір отбасы – бір кітап» (**«Балалар кітапханасы» жобасы**) «Балаларға базарлық» мобильді кітапханасы. Қазанның 18-і күні Қорғалжын аудандық орталық кітапханасын да Қазақстан Республикасы күніне орай «Қазақстан елі менің – Отаным » тақырыбында 5 класс. **Кітапті жан азық деп қанып іш...**«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ Кітаптар көрмесі (сайыстар, жылдамдыққа оқу)



«Күз-береке, күз-мереке» тақпақтар, сурет көрмесі өтті.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл слайд, көрме ұйымдастырылды.

Күзгі демалыс кезінде іс-шаралар жоспарына сәйкес 6—8 класс оқушыларымен «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру аясында оқырмандармен кездесу ұйымдастырып және оқылған әдебиеттерге талқылау өткізілді. « Сүйікті оқылым сіздер үшін, оқырман» кітап көрмесі өтті.



Қараша айында «25- қараша әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күні» тақырыбында дөңгелек стол өтті.



«Табиғат-адам өмірінің негізі» кітаптар көрмесі, «Ертегілер әлемінде саяхат» атты тақырыпта дөңгелек стол ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік мерекесіне орай көрме ұйымдастырылды.



Қорғалжын орталық кітапханасында «Желтоқсан –тәуелсіздік рухы» атты тақырыптық кеш өткізілді.



5"ә" сынып арасында «Тәуелсіздік-таң нұрым» атты тәрбие сағаты өтті.



Қазақстан Републикасына орай «Мемлекеттің болашағы қазақ тілінде» атты мәнерлеп оқу сайыс өтті. «Сүйікті оқылым сіздер үшін, оқырман» кітап көрмесі



Қысқы демалыс кезіндегі оқушылармен өткізілетін жоспарға сәйкес 8 сыныптар арасында "сүйікті кітаптар әлемінде" атты тақырыбында онлайн кездесу өтті.



Қаңтар айында «Сүйікті оқылым сіздер үшін, оқырман» атты тақырыпта кітап көрмесі.

Қорғалжын орталық кітапханашысы Г. Оспановамен бірлесіп "Құрмет белгісі " орденінің иегері, Қазақстанның халық әртісі Рабиға Есімжанованың туғанына 110 жылдығына арналған "Сарыарқа бұлбұлы " тақырыбында іс-шара Рабиға Есімжанова атындағы балалар ән-күй мектебінде өтті. Мамбетов Изтай 95 жылдық іс-шара



Қорғалжын мектеп-гимназиясының кітапханашыларының ұйымдастырумен. Аудандық кітапханашысы Г. Оспановамен бірлесіп, Саттар Ерубаеттың туғанына 110 жыл толуына орай «Жаратылыс бөлек тұлға-Саттар Елубаев» атты тәрбие сағаты өтті.



Ақпан айында 8 «а» класс оқушылары мен «Кітап оқып, рухани бай бол!» Кітапханаға саяхат, әңгіме, көрініс COWORKING орталығында өтті .



8 «ә» класс оқушыларына «Ұлы жүз Төлебидің туғанына 360 жыл болуына орай стенд ұйымдастырылды. Жунусов Сакен Нурмакович-90 жылдықатты іс-шара өткізілді. Тажибаев Абдильда-115 жылдық атты іс-шара ,Айман Шакен Кенжетаевич-110 жыл іс-шара



01.03.24ж Қорғалжын ауыл мектеп гимназиясының кітапханасында 1-8 класс оқушылар арасында «1Наурыз –Алғыс айту күніне» орай Алғыс білдіру-ең асыл сөз тақырыбында челлендж өткізілді. Мақсаты:Үлкен-кішіге деген

сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынас дамыту. Рақмет, алғыс туралы түсінік беру.



19.03.24ж Қорғалжын ауыл мектеп-гимназиясының, Жүсіпбек Аймауытов 135 жыл толуына орай 6-сыныптар арасында тәрбие сағатты өтті.



19.03.24жыл Қорғалжын ауыл мектеп-гимназиясының Наурыз мейрамы қарсаңында Наурызнама онкүндігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жаңару күніне» орай тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Жаңару күні оқушылары ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге және ынтымақта болуға үндейді.





27.03.24жыл Қорғалжын ауыл мектеп-гимназиясының көктемгі демалыс жоспарына сәйкес 9-11 класс оқушыларымен «Кітап оқу күні» тақырыбында онлайн кітап оқу ұйымдастырылды.



Сәуір айында «Қош келдіңдер, қанатты достар» Қорғалжын аудандық қорығына саяхат 5 кластармен өтті. Класс жетекшісі Шугаева Г.С. Оқырман бенефисі 6 кластар арасында ұйымдастырылды. Класс жетекшісі Уткельбаева А.М. «Ғұлама ақын, данышпан-Шәкәрім» (Шәкәрім-165 ж, 24.04.1858) өлеңдерді мәнерлеп оқу іс-шара өткізілді.



1 мамыр- Ынтымақ пен бірліктің күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қорғалжын орталық кітапхана кітапханашы Г.Д.Оспанова, Қорғалжын мектеп-гимназиясымен кітапханашылары Ж.Ж.Мухтарова, А.Б.Тлеулесовамен бірлесіп 1 мамыр халықаралық бірлігі күніне орай «Бірлігі жарасқан-Қазақстан» тақырыбында әдеби өткізілді. Ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерінің біршаңырақтың астында татулықта, Ынтымаққа, достыққа өз Отанын сүйеге, қорғауға тәрбиелеу мақсатында, бұл кеш оқушыларға ұлт бірлігі, достық, бейбітшілік туралы мағұлымат берілді.





7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай Мен өз елімнің патриотымын кітап көрмесімен стенд өткізілді.

9 мамыр Жеңіс күніне балаларды отаның, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Стенд ұйымдастыру.

03.04.24ж Қорғалжын орталық кітапханасы танымал, көп қатарына иүқсамайтын, өз қолтаңбасыбар лирик-Сағи Жиенбаевтың 100 жылдығына орай «поэзия зергер-Сағи Жиенбаев»тақырыбында танымдылық сағат Қорғалжын мектеп-гимназияның кітапханашыларымен Ж.Ж Мухтарова, А.Б.Тлеулесова мен 5-сынып оқушыларының қатысуымен өткізді.



06.05.24ж Қорғалжын аудандық мемлекеттік архивінде Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толуына орай " Ұлы Отан соғысы жылдарындағы архив

құжаттары сыр шертеді " атты көрме Қорғалжын мектеп-гимназиясының 9-10 сыныптар арасында өткізілді. Көрменің мақсаты: архивте сақтаулы құжаттармен танысып, Ұлы Отан соғысына қатысқан жеке тұлғалармен танысу. Өткізгендер: Ж. Мухтарова, А. Тлеулесова, У. Оралбаева.



Қорғалжын орталық кітапхана кітапханашы Г.Д.Оспанова, Қорғалжын мектеп-гимназия суымен кітапханашылары Ж.Ж.Мухтарова, А.Б.Тлеулесова бірлесіп Илияс Жансүгіров 130жыл толуына байланысты тәрбие сағатты өтті. өмірі мен шығармашылығы туралы терең түсінік беру. Жазушының әдеби мұрасын негізгі ерекшеліктерін ұғындыру. Оқушылардың қазақ зиялыларының өмірі мен шығармаларымен жете танысып, ізденімпаз, шығармашыл болуға, сөз өнерін қадір-қасиетімен танысуға білімдерін жетілдіру.



Қорғалжын орталық кітапханасы ақын-демократ, мұғалім-ағартушы, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаевтың 130 жылдығына арналған «Сәбит Дөнентаев өмірі мен шығармашылығы» атты танымдылық сағат Қорғалжын мектеп-гимназиясының А.Б.Тлеулесова, Ж.Ж.Мұхтарова кітапханашыларымен бірлесіп өткізді. Орталық кітапхана кітапханашысы Г.Д.Оспанова 7 «Ә» класс оқушыларына Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, бейнеролик көрсетілді.



2023 - 2024 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының
Республикалық «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт»
Жобасы бойынша кітапханасының жүргізілетін жұмыс жоспары

Мектеп кітапханасы оқушылармен оқу жылының басында слайд көрсетіп, оқушыларды "Оқуға құштар мектеп оқуға құштар ұлт" республикалық жобасымен таныстырды. «Абай құнанбаевтың өлеңдері» 6 сыныптар арасында мәнерлеп оқу өткізілді.



4 «а» сынып оқушыларымен «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясын да «Тез, жылдам, түсінікті» атты байқау өтті. Мектебіміздің оқушылары жүлделі 1,2,3 -орынға ие болды. Белсене қатысқан оқушылар алғыс хатпен марапатталды.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы 3 "а" сынып арасында "Мақал-сөздің мәйегі" атты тақырыбында сайыс өтті. Сайыстың нәтижесінде: Топтар 1,2,3 дипломмен марапатталды. Барлық оқушыларға белсене қатысқаны үшін тәтті сыйлықтар таратылды. Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл оқырманның конференциясы.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 5 «ә» класс оқушылары және класс жетекшісі У.Оралбаева мектептің COWORKING орталығына келіп, «Кейіпкерлер адасып қалды» оқылған шығармалар бойынша энциклопедиялар мен танысты.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша COWORKING центр 5 «б» класспен «Оқуға тиіс-30 кітап» сайыс өтті.



10.101.23 ж. COWORKING оқу залында 6 «а» класс оқушыларымен «Абай Құнанбаевтың өлеңдері» тақырыбында мәнерлеп оқу сабағы ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша «Үнемі оқитын адам – табысты адам»

(«Оқуға құштар мектеп») жобасы

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу. Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету дөңгелек үстел өтті және 6 «б» классы COWORKING центрде «Кітап оқудың пайдасы» кітапханалық сағат өткізілді. Класс жетекшісі Рахметова Н. И



Оқырмандарға қазақ шығармаларды оқу және тындау үшін қолжетімді мүмкіндік ұйымдастыру буккроссинг , «Мен оқуға құштармын!» бейнеролик. «Кітапханаға саяхат» Оқуға құштар мектеп жобасы Талап: Білуге, жаңаны тануға құштарға 8-9 сыныптар арасында саяхат ұйымдастырылды.



